

Мұражай экспозициясы ақынның соңғы қайғылы күндері туралы құжаттардың көрсетілуімен Сәкеннің туған жерін бейнелейтін материалдармен басталады. Экспозицияда С.Сейфуллиннің қолжазбалары, кітаптарының өмірлік басылымдары, мемлекеттік қызметіне байланысты құжаттар кеңінен ұсынылған. Сәкен Сейфуллиннің жеке заттары: баспа машинасы, патефон, костюм, алтын сағат, халат және тақия, туфли, кепка, шарф, қолшатыр және таяқ ерекше қызығушылық тудырады.

1995 жылы 17 тамызда Н. Ә.Назарбаев мұражайға келіп: "Сәкен Сейфуллин - асыл бабамыз, біздің тәуелсіз елімізді тілей берсін" деген жазба қалдырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қожекеев Т. Сәкенді не үшін сынаған? // Жалын, 1994. №7-8. –Б. 84-95.
2. Нарымбетов Ә. Сәкен Сейфуллин. Әдебиеттердің көрсеткіші. –Алматы: Қазақстан, 1965. - 86 б.
3. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. Ғұмырнамалық хикая. Өнегелі өмір. – Алматы: Жалын, 1976. - 191 б.

ӘОЖ 069

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ҚАЗАҚ ЭТНОЛОГИЯСЫ МЕН МУЗЕЙ САЛАЛАРЫНА ҚОСҚАНҮЛЕСТЕРІ

Қуандықова Гүльназ Талгатовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Тарих факультетінің АЭ – 31 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Ибадуллаева З.Ө.

Өзбекәлі Жәнібеков - 1931 – 1990 жылдар аралығында Түркістан облысы Отырар ауданы Сарықамыс ауылында дүниеге келген мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты.

XX ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тарихи тұлғалардың бірі.

Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. 20 ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды. Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген “Арқас” қоғамы құрылды. Жәнібеков “Шертер”, Адырна”, “Алтынай”, т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. “Наурыз” мейрамының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

“Қазақтың ұлттық қол өнері” (1982), “Жаңғырық” (1991), “Уақыт керуені” (1992), “Жолайрықта” (1996), “Қазақ киімі” (1996), “Ежелгі Отырар” (1997), “Тағдыр тағылымы” (1996, 1-кітап, 1997, 2-кітап) еңбектері жарық көрген. 2-3 мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдермен марапатталған.

Халқының бекзат перзенті Өзбекәлі Жәнібеков өткен ғасырдағы кеңестік кезеңнің өктемдігіне қарамай, туған халқына, ұлтына өл-өлгенше қызмет ете білді. Биліктің түрлі сатысынан өтіп, жоғары лауазымдарда қызмет етсе де, арттағы елдің хал-ахуалына барынша қарасқан еді. Қылышынан қам тамған қилы заманда қазақтың жоғын жоқтап, ұлттық мүддесі жолында жан аяған жоқ. Қиын-қыстау кезеңді бастан өткерген ұлттық жәдігерлеріміздің қайтадан жандануына барынша үлесі қосып, ескі құндылықтарды жаңартқан болатын. Төл тарихымыздың төрт құбыласын түгендеуді асыл мұратына айналдырып, бабадан мирас бай мәдениетіміздің мәртебесін көтеруге білек сыбана кірісті.

Есімі қараланған Алаш арыстарының ақталуына ат салысты. Қазақ руханиятының ірі тұлғасы ретінде артына өшпес мұра қалдырып, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық дүниелер жасады.

Өзбекәлі Жәнібеков – тік мінезді, ержүрек, табиғатынан адал жан болған. Кез келген жайтқа бей-жай қарамай, шындықты ашып айтар бірбеткейлігімен танылған. Өзге ғана емес, өзіне де қатал талап қойып, бастаған ісін соңына жеткізбей тынбайтан табанды еді. «Өзекең өмір бойы тура жүріп, тек ақиқат шындықты ғана айтуға тырысқан өр кеуделі, қыран мінезді, кесе бітімді тұлға болатын», – дейді Ә.Жұмабаев өз естелігінде.

Жәнібековтың басқалардан айырмашылығын іздейтін болсақ, төмендегі үш ерекшелікті бірден байқауға болар еді:

- ол туған-туысқанын қызметке тартқан жоқ;
- ол ешкіммен жең ұшымен жалғасып жұмыс істеген жоқ;
- мұрағат ақтарумен, кітап кемірумен, мұражай жабдықтаумен, қазақтың даласын жаяу-жалпылап шарлап, әр үйдің төрінен жәдігерізденумен өмірі өтті.

Сөйте тұра, Өзбекәлі Жәнібековтың мұрасы зерттеуді қажет етеді. Оның орасан зор еңбегін бір немесе бірнеше зерттеу жұмыстарымен шектеу мүмкін емес. Шертер, Адырна, Алтынай, Арқас сияқты басқа да көптеген ірілі-ұсақты өнер ұжымдарының тұсауын кесіп, халқымыздың ұмыт бола бастаған, музыкалық көне аспаптарының екінші тынысын ашқан да – соныңөзі, – дейді көрген жұрт.

Ұлттық рухтың ұраншысына айналған Өзекең қазақ халқы мәдениетінің, ана тілінің, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып дамуына сүбелі үлес қосты. Шымкенттегі Шығыс жастарының көсемі Ғ.Мұратбаевтың ескерткішінің орнатылуына, Отырардағы Арыстан баб, Түркістандағы – Қожа Ахмет Йассауи кесенелерінің қалпына келтірілуіне, Эрмитаждан Тайқазандыалдыртуға т.б. көптеген игі бастамаларға қамқоршы бола білді.

Оның еңбектері осымен шектеліп қалмайды. Соны есепке ала отырып, ұлтын ұлықтаған азаматтың мұрасын зерттеу өз маңыздылығын жойған жоқ деп сеніммен айта аламыз.

Жұмыстың өзектілігі де осында жатыр: тәуелсіздікалған тұста қазақ мәдениеті мен өнерін зерттеген тұлғаның ерен еңбегінің маңызын арттыра түсу, ұлтымыздың ұлы мұраларын сақтап қалуға үлес қосу.

Ұстаз атқарған маңызды шаралардың бірі тарихи Наурыз мерекемізді жаңғыртқаны еді. Алматыда шығып тұрған «Біздің Отан» атты халықаралық гәзет (қазіргі «Шалқар») 1987-жылы қазақтың көне салт-дәстүрі, әдет-ғұрпыжайында жиі жаза бастады

Кеңес үкіметі кезінде қазақ жұрты бастан өткерген небір тағдырлы нәубеттерде ұлтымыздың сал-дәстүрі мен ұстанымдарына, ғұрыптарына қатаң тиым салынған еді. Солардың бірі – Өз Наурыз мерекесін тойлауға тоқтам салды. Атап айтсақ, 1926 жылы Қазақстанда Наурызмерекесіне ескі ғұрып, мұсылманның діни мейрамы ретінде тыйым салынды.

Алайда, 62 жылдан кейін ғана – 1988 жылы Наурыз мерекесі қайта тойлана бастады. Оның жаңғыруына көрнекті мемлекет қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков көп еңбек сіңірді.

Әлде де сөбесі сөгілмей тұрған кеңес дәуірінің кезінде-ақ 1988 жылдың 22 наурызынан бастап Наурыз мерекесі Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей атсалысуымен Қазақстанда қайтадан ресми түрде атала бастады.

Биыл туғанына 90 жыл толып жатқан (28.08.1931, Түркістан облысы Отырар ауданы Сарықамыс ауылы – 22.02.1998, Алматы) — мемлекет қайраткері, этнограф, тарихғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібектің мұнан өзге де ұлтымыз үшін сіңірген еңбектері өлшеусіз.

XX ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі — Өзбекәлі Жәнібеков. Кеңестік тоталитарлық қоғамның тар құрсауына қарамастан ол өзінің саналы ғұмырын қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғырту, дамыту ісіне арнады.

Қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғыртуда аянбай тер төккен ол еліміздің әр өңірінде өлкетанулық музейлер ашып, көнеден келе жатқан мәдени жәдігерлерді, асыл жауһарларымызды, бай мұрамызды бір ортаға жиыстырабілді.

Айтыс өнерінің де рухани топырақта қайта көгеруінде Өзбекәлі Жәнібеков көп жұмыс атқарды.

Ұлттық рухтың ұраншысына айналған Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқы мәдениетінің, ана тілінің, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпының жаңарып, дамуына сүбелі үлес қосты. Сондай іргелі істерді тізбелей отырып, лайықты бағалай білу кейінгі толқын өкілдерінің парызы. Айталық, басқасын айтпағанда Шымкенттегі Шығыс жастарының көсемі Ғани Мұратбаев ескерткішінің орнатылуына, Отырардағы Арыстанбаб, рухани астанамыз – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінің қалпына келтірілуіне, Эрмитаждан Тайқазанды алдыруға, Бетпақдаланы игеруге, Шардара су қоймасын салуға, Арыс-Түркістан каналын қазуға ұйтқы болуы соның айқын дәлелі емес пе?

Оның ұлт алдындағы басты еңбегі сол, халқымыздың дарынды жастарына да қамқоршы бола білуі талай жастарға жөн сілтеп, қолдау көрсетті. Әсіресе, өнер адамдарына қол ұшын созып, демеу болды. Оның бастамасымен еліміздің көп жерінде, Отырар, Әзірет Сұлтан, Тараз, Үстірт секілді елді мекендерде этнографиялық музейлер ашылып, «Адырна», «Алтынай», «Сазген», «Сырнай», «Шертер», басқа да фольклорлық өнер ансамбльдері, Арқалық қазақ сазды драма театры дүниеге келген. Қазақстанның мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» және шет елдерінде тұратын отандастарымызбен мәдени байланыс жасайтын «Отан» («Қазақстан») қоғамдары құрылды. Наурыз мейрамының, қазақтың бес арысы – Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбергенов есімдерінің туған халқына қайта оралуына белсене ат салысқан тұлғаның еңбегі шындығында ұшан теңіз. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысқан ол «Қазақ ұлттық қолөнерінің мәдениеті», «Эхо...», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» атты еңбектерін жарыққа шығарды.

Өзбекәлі Жәнібековтің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылуына ұйытқы болып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынылуына мұрындық болуы — ел болашағы үшін жасалған ұлы іс. Қорық-музей аумағының құжатталуына, шекараларының бекітілуіне, ондағы тарихи ескерткіштердің қайта қалпына келтірілуінде басшылық етіп, киелі Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруге қатысып, ішкі жұмыстарына тіпті өзі де қызу араласып кеткен кездеріне куә болған жандар аз емес. Сондай естіліктердің біріне сүйенсек: 1982 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші басшысы Дінмұхаммед Қонаевтың Түркістанға арнайы сапары алдында Қожа Ахмет Ясауи ғимаратындағы әлі жөндеуі бітпей жатқан Мешіт пен Қабырхана бөлмелерін қайта өңдеу жұмысына Өзбекәлі Жәнібековтің өзі белсене кірісіп кеткені, қолынан күрек, қайла түскен емес. «Балағын түріп, бет орамалының төрт бұрышын тас түйе басына киіп, зеңбілмен құм тасыған бейне бір аңыз секілді. Бұл орайда көз көргендердің айтуынша, бірде сырттан біреулер «бастықтарың кім?» деп сұраса керек. «Өне, анау адам» деп жұмысты беріле істеп жатқан ағаны көрсетсек, біздің бұл сөзімізге көбі сенбей, күмәндана қарайтын-дейді, естелік айтушы Қыдырбай Арыстанбеков. Ондайда Өзағаң балаша мәз болып күлетін. Ұжымда денсаулығы онша ауыр жұмысқа жарамайтын, бір науқас кісі бар еді. Үнемі костюм-шалбар киіп, галстук тағып жүретін. Аға әлгіндейлерді одан сайын састырып «бастық анау кісі» деп шыртытай болып киінген сол кісіге қарай нұсқап жіберетін де, өзі ары қарай жұмысын жалғастырып, зеңбілді көтеріп кете беретін. Бір жылға созылатын құрылысты біз солай екі айдың ішінде бітіріп тастадық»-дейді әріптес ағамыз.

Өзбекәлі Жәнібеков Түркістандағы «Түркістан тарихы» музейі ғимаратын қорық-музейдің өз меншігіне өткізуге де көп үлес қосты. Бұл ғимарат кезінде орыс әскерлерінің казармасы болған. XIX ғасыр ескерткіші ретінде мемлекет қамқорлығына алынғанмен

Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне қарап, онда трикотаж-тігін фабрикасы орналасқан болатын.

Сонымен қатар, тарихымыздың басты қазынасы – Тайқазанды 1989 жылғы 18 қыркүйекте әйгілі Эрмитаждан алдырып, Түркістан топырағымен қауыштырған қажыр-қайраты өз алдына бір төбе шаруа еді.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл толғалы отыр. Осы орайда, Түркістанда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «Өзбекәлі Жәнібеков оқулары: Ұлт рухын ұлықтаған Өзбекәлі Жәнібеков» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы мен үстіміздегі жылдың 28 тамызында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде «Ұлт руханиятының жаршысы» тақырыбында көрме ұйымдастырады. Сонымен бірге, Өзбекәлі Жәнібеков қызмет атқарған Арқалық өңірі де сәуір айында республикалық конференция өткізуді жоспарлап отырғандығы көпшілікті қуантады. Ал, еліміздің басқаөңірлерінде қандай дайындық жұмыстары жүріп жатыр екен?

УДК 902/904

РАЗВИТИЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Кукеев Адиль Серкеноулы

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Научный руководитель: Раздыков С.З.

Актуальность. В современном Казахстане одним из главных приоритетов внутренней политики, является поддержка культуры, так как культура это не только совокупность достижений человечества на определенном этапе исторического развития государства, но главный показатель в структуре морально-нравственных ценностей. Доказательством служит реализация программы «Культурное наследие», которая заложила основы процветания культуры в современном Казахстане и изменила отношение к изучению истории наших предков. Так как эта программа не имеет аналогов на постсоветском пространстве, программа вызвала интерес в мировом сообществе и с успехом была презентована в штаб квартире ЮНЕСКО в 2006 году. Для более эффективного планирования и реализации данной программы был создан Фонд духовного развития народа Казахстана.

В государстве функционирует республиканская сеть государственных музеев исторического и этнографического направления, мемориалов, посвященных памятным событиям истории Казахстана.

Эффективным средством удовлетворения досуговых потребностей населения в настоящее время является туризм. Современный туризм отличается разнообразием видов: экологический, деревенский, этнический, приключенческий. Одним из наиболее перспективных на сегодняшний день видов туризма, притягивающим к себе все больше и больше людей, является археологический туризм, пока еще новый и экзотический.

Археологический туризм – это разновидность туризма, целью которого является посещение местности, связанной с археологией и археологическими раскопками, направленного на ознакомление с культурно-историческими достопримечательностями, архитектурными памятниками [1, с. 35].

В основном эта разновидность туризма большим спросом пользуется за рубежом, а в Казахстане он начал развиваться сравнительно недавно, но уже завоевал достаточный сегмент рынка туристических услуг.

Ежегодно, в нашей стране осуществляются археологические экспедиции. Большинство их участников – это, ученые и студенты, научные сотрудники, но можно обнаружить и случайных людей, которые самостоятельно оплачивают все расходы – дорогу, питание и проживание и работают, что называется, «за идею». Примерно, ежегодно